

Өсіп тұрған сүрек үшін төлемнің базалық ставкаларын, Орманды пайдаланғаны үшін төлемді есептеу және бюджетке енгізу ережесін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 15 сәуір N 431. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 15 қазандағы N 950 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 15 қазандағы N 950 Қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексіне) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) өсіп тұрған сүрек үшін төлемнің базалық ставкалары;
- 2) Орманды пайдаланғаны үшін төлемді есептеу және бюджетке енгізу е р е ж е с і ;
- 3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 15 сәуірдегі
N 431 қаулысымен
бекітілген

Өсіп тұрған сүрек үшін төлемнің базалық ставкалары

1. Өсіп тұрған сүрек үшін төлемнің базалық ставкалары, осы ставкалардың 2-тармағында көзделген коэффициенттерді ескере отырып, тығыз орналасқан 1 текше метр үшін төлем ставкаларының мөлшерімен (бұдан әрі - ставка) белгіленеді.

**Тығыз орналасқан 1 текше метр үшін төлем
ставкаларының мөлшері (теңге)**

N	!	Орман ағашының	!	Жоғарғы бөлігіндегі дің	!	Отындық
p/c!		тұқымы	!	кесіндісінің диаметріне қарай	!	сүрек
!			!	қабықсыз кәделі сүрек	!	(қабықты)

!						!		
!		!	ірі	!	орташа	!	ұсақ	!
!			!(25 см және!	!(13-тен 24	!(3-тен 12!			
!			! жоғары)	! см-ге дейін)	! см-ге	!		
!			!	!	!	!	дейін)	!
1!	2	!	3	!	4	!	5	!

1	Қарағай	1220	870	430	170
2	Шренке шыршасы	1590	1130	560	220
3	Сібір шыршасы, май қарағай	1100	780	390	130
4	Самырсын	980	700	340	120
5	Балқарағай	2200	1570	770	190
6	Ағаш тектес арша	1470	1040	520	220
7	Емен, шаған	2200	1570	770	340
8	Жабысқақ қара қандығаш, үйеңкі, шегіршін, жөке	490	350	170	110
9	Сексеуіл		500		
10	Қайың	550	390	190	130
11	Көк терек, ағаш тектес тал, терек	430	300	150	90
12	Грек жаңғағы, шекілдеуік жаңғақ	2670	1910	940	290
13	Өрік, ақ қараған, алша, долана, шие, жиде, шетен, алхоры, мойыл, тұт ағашы, алма ағашы, өзге де ағаш тұқымдастар	1560	1110	550	190
14	Ағаш тектес арша, самырсын		280	150	
15	Сары қараған, жыңғыл, бұта тектес талдар, шырғанақ, жүзгін, шеңгел, өзге де бұталар		160	100	

2. Ставкаларға мынадай көтеріңкі және азайту коэффициенттері қолданылады:

- 1) кеспеағаштардың жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдардан қашықтығына қ а р а й :
- | | |
|---------------------------|-------|
| 10 шақырымға дейін | 1,30; |
| 10,1 - 25 шақырымға дейін | 1,20; |

25,1 - 40 шақырымға дейін	1,00;
40,1 - 60 шақырымға дейін	0,75;
60,1 - 80 шақырымға дейін	0,55;
80,1 - 100 шақырымға дейін	0,40;
100 шақырымнан астам	0,30.

Кеспеағаштың жалпыға ортақ пайдаланатын жолдардан қашықтығы кеспеағаш орталығынан жолға дейінгі ең қысқа қашықтық бойынша картографиялық материалдар бойынша анықталады және жергілікті жердің бедеріне қарай мынадай коэффициенттер бойынша түзетіледі:

жазық бедер	1,1;
жоталы бедер немесе батпақты жер	1,25;
таулы бедер	1,5;

2) жаппай емес басты мақсатта пайдалануға кесуді жүргізген кезде - 0,8 коэффициент;

3) сүректі тау жоталарындағы 20 градустан жоғары ылдидан босату кезінде - 0,7 коэффициент;

4) осы тармақтың 1)-3) тармақшаларында көзделген коэффициенттер алдыңғы коэффициентті қолданғаннан кейін алынған ставкадан әрқайсысы есептеп шығарылады;

5) < * >

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың 5) тармақшасы алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.07.16. N 785 қаулысымен.

3. Өсіп тұрған сүректі босату кезінде қалған кесінділерді қайта өңдеу үшін немесе отынға пайдалану үшін ұшар басынан 40 пайыз мөлшерінде, ал қалған бұтақшалар үшін тиісті ағаш тұқымының отындық сүрегі ставкасынан 20 пайыз мөлшерінде жойылу төлемі алынады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 15 сәуірдегі
N 431 қаулысымен
бекітілген

Орманды пайдаланғаны үшін төлемді есептеу және бюджетке енгізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Орманды пайдаланғаны үшін төлемді есептеу және бюджетке енгізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) орманды пайдаланудың мынадай түрлері: сүректі, шайырды, қосалқы орман материалдарын, ағаш шырындарын дайындау, орманды жанама пайдалану, орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру және ғылыми-зерттеу мақсаттарында, аңшылық шаруашылығының мұқтаждарына пайдаланғаны үшін төлемді мемлекеттік бюджетке есептеу тәртібі мен енгізу

мерзімдерін айқындайды.

2. Орманды пайдалану бір жылдан елу жылға дейінгі мерзімге ұзақ мерзімде және бір жылға дейінгі мерзімге қысқа мерзімде орманды пайдалану тәртібімен жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Орманды пайдаланғаны үшін төлемнің мөлшерлерін орман иеленушілері орманды пайдаланудың көлемі мен өсіп тұрған сүрек үшін төлемнің белгіленген базалық ставкаларын және орманды пайдаланудың өзге де түрлері үшін төлем ставкаларын ескере отырып, өсіп тұрған сүректі босату кезінде кеспеағашты материалдық-ақшалай бағалау мен орман пайдаланудың өзге де түрлері үшін есеп айырысу негізінде айқындайды.

Төлемнің мөлшерлері заңнамада белгіленген тәртіппен орман иеленушілер беретін орманды пайдалануға арналған рұқсат құжаттарында көрсетіледі.

4. Орманды пайдаланғаны үшін төлем бюджет кірістері жіктемесінің тиісті кодына енгізіледі.

2. Орманды пайдаланғаны үшін төлемді есептеу тәртібі және бюджетке енгізу мерзімдері

5. Орманды ұзақ мерзімде пайдаланған кезде төлемді бюджетке енгізу орманды пайдалануға арналған шартты мемлекеттік тіркеген күннен бастап орманды пайдаланудың жыл сайынғы көлемінің жалпы сомасынан тең үлестермен төленетін тоқсан сайынғы төлем түрінде келесі тоқсандағы айдың 15 күнінен кешіктірмей жүргізіледі.

6. Сүрек дайындаудан басқа, орманды қысқа мерзімде пайдаланған кезде төлемді бюджетке енгізу, оларда төлем құжатының деректемелерін көрсете отырып, жүргізілген ақы төлеу туралы белгі қойылатын рұқсат құжаттарын алғанға дейін жүргізіледі.

7. Орманды пайдаланушылар орманды қысқа мерзімде пайдаланған кезде сүректі дайындағаны үшін төлемді:

1) 50 текше метрге дейінгі көлемде - бір жолғы төлем түрінде, бұл ретте ағаш кесу билетін, өсіп тұрған сүректі ұсақ мөлшерде босатуға берілетін ордер беру бюджетке төлем енгізгенін растайтын құжатты бергеннен кейін жүргізіледі;

2) 50 текше метрден астам көлемде - рұқсат құжаттары қолданылатын барлық мерзім ішінде есепті айдан кейінгі айдың 15 күнінен кешіктірмей жалпы соманың тепе-тең үлестерімен төленетін ай сайынғы төлем түрінде енгізеді.

8. Орманды пайдаланғаны үшін төлем сомаларын төлеу банктер немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы аудару жолымен не тиісті органда уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген нысан бойынша және тәртіппен қатаң есеп беру бланкілерінің негізінде қолма-қол ақшамен жүргізіледі.

< * >

ЕСКЕРТУ. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.24. N 695

қ а у л ы с ы м е н

9. Өсіп тұрған сүректі, шайырды, ағаш шырындарын және қосалқы орман материалдарын (шамамен саны бойынша немесе алаңы бойынша ескере отырып, сондай-ақ қателерді анықтаған кезде) босатқан кезде дайындалған сүректің, шайырдың, ағаш шырындарының және қосалқы орман материалдарының жалпы саны ағаш кесу билетінде немесе өсіп тұрған сүректі ұсақ мөлшерде босатуға берілетін ордерде (егер дайындау оларда көрсетілген орындардың шегінде жүргізілген кезде) көзделген санына (алаңына) сәйкес келмеген жағдайда, орман иеленушілер орманды пайдаланушылардың қайта есептесу кезінде белгіленген нақты дайындалған көлем үшін төлемнің толық сомасын төлеуін қамтамасыз е т е д і .

Бұл жағдайда қосымша есептелген сомалар орманды пайдаланушының төлемнің кезекті төлеу мерзімінде бюджетке енгізуіне жатады.

10. Кезекті мерзімге ағаш кесуге берілген ағаштары кесілмей қалған жерлер, сондай-ақ ағаш кесу басталмаған өткен жылғы кеспеағаштар үшін осы Ережеде белгіленген тәртіппен қайталап төлем алу жүргізіледі.

Ағаш кесу басталған және заңнамада белгіленген тәртіппен оның мерзімін ұзарту берілген кеспеағаш үшін төлем қайталап алынбайды.

11. Орман иеленушілер Қазақстан Республикасының уәкілетті салық органы белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын басқару жөніндегі уәкілетті органымен келісім бойынша тоқсан сайын өздерінің тіркелген орны бойынша салық органдарына рұқсат құжаттарын алған тұлғалар мен орманды пайдаланғаны үшін бюджетке төленуге тиесілі төлем сомалары ж ө н і н д е м ә л і м е т т е р б е р е д і .

12. Орманды пайдаланушылар бюджетке төлем сомасын уақытылы енгізбегені үшін Салық кодексінде белгіленген тәртіппен өсім есептеледі. (РҚАО-ның ескертуі: K010209_ (46-бап).)

13. Салық қызметі органдары орманды пайдаланғаны үшін төлемнің дұрыс есептелуі, толық алынуы мен уақытылы бюджетке аударылуы мәселелері бойынша бақылауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 15 сәуірдегі
N 431 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне
өзгерістер мен толықтырулар**

1 . < * >

Ескерту. 1-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.02.09.

N

1 2 4

қ а у л ы с ы м е н .

2 . < * >

Ескерту. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.12.25. N 1317

қ а у л ы с ы м е н

3 . < * >

Ескерту. 3-тармақтың күші жойылды - - ҚР Үкіметінің 2003.12.22. N 1286

қ а у л ы с ы м е н

4 . < * >

Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - - ҚР Үкіметінің 2003.12.22. N 1287

қ а у л ы с ы м е н

5. "Қазақстан Республикасының ормандарында өсіп тұрған ағаштың сүрегін дайындау үшін төлем ставкаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 сәуірдегі N 536 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 19, 187-құжат) күші жойылды деп танылсын.